

**2003 жылғы 7 тамыздағы № 732 "Азаматтардың кейбір санаттарына әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі қалалық комиссия құру туралы" әкімдіктің қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2006 жылғы 9 ақпандағы N 215 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2006 жылғы 14 наурызда N 7-1-32 тіркелді

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын басшылыққа алып, кадрлардың өзгеруіне байланысты, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1."Азаматтардың кейбір санаттарына әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі қалалық комиссия құру туралы" қала әкімдігінің 2003 жылғы 7 тамыздағы № 732 қаулысына ( 2003 жылғы 5 қыркүйектегі тіркеу № 2273, 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 41 санында "Жайық үні", 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 23 "Пульс города" газеттерінде жарияланған), 2003 жылғы 4 желтоқсандағы № 1274 (2003 жылғы 25 желтоқсандағы тіркеу № 2396, 2004 жылғы 16 қаңтардағы № 3 санында "Жайық үні", 2004 жылғы 15 қаңтардағы № 3 "Пульс города" газеттерінде жарияланған), 2004 жылғы 6 ақпандағы № 143 (2004 жылғы 25 ақпандағы тіркеу № 2526, 2004 жылғы 12 наурыздағы № 12 санында "Жайық үні", 2004 жылғы 11 наурыздағы № 11 "Пульс города" газеттерінде жарияланған), 2005 жылғы 24 наурыздағы № 421 (2005 жылғы 18 сәуірдегі тіркеу № 7 - 1 - 3, 2005 жылғы 5 мамырдағы № 19 санында "Жайық үні", 2005 жылғы 12 мамырдағы № 19 "Пульс города" газеттерінде жарияланған) және 2005 жылғы 6 қазандағы № 1746 (2005 жылғы 21 қазандағы тіркеу № 7 - 1 - 19, 2005 жылғы 10 қарашадағы № 46 санында "Жайық үні", 2005 жылғы 10 қарашадағы № 45 "Пульс города" газеттерінде жарияланған), қаулыларымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, келесі өзгертулер енгізілсін:

1 қосымшадағы "Азаматтардың кейбір санаттарына әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі қалалық комиссия құрамына" енгізілсін:

Ерболат Рахметұлы Мұқаев – қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;  
комиссия құрамынан шығарылсын:

Аманжол Зейнуллаұлы Зинуллин.

2.Комиссияның өзгертілген құрамы мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге ұсынылсын.

3.Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Е.Р.Мұқаевқа жүктелсін.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК